



«Самұрық-Энерго» АҚ
Басқармасының 2023 жылғы « ___ » ___
шешімімен (№ ___ хаттама)
бекітілген

«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобында төтенше экологиялық жағдайлар және оларға ден қою бойынша нұсқаулық

Құжат иесі	«Өндірістік тиімділік» департаменті
Редакция	1
Жыл	2023

Астана қаласы



Мазмұны

1. Мақсаты және қолданылу саласы.....	3
2. Терминдер мен қысқартулар	3
3. Жалпы ережелер	4
4. Міндеттер, жауапкершілік және өкілеттіктер	5
5. Экологиялық қауіптерді сәйкестендіру	6
6. Тәуекелді бағалау және АЖ-ның туындауының алдын алу	7
7. Авариялық жағдайлардың алдын алу және олардың салдарларын жою жоспарларын әзірлеу.....	8
8. Авариялық ластану салдарынан келтірілген зиян үшін жауапкершілікті сақтандыру	9
9. Нормативтік сілтемелер.....	10

1. Мақсаты және қолданылу саласы

1.1. Осы Төтенше экологиялық жағдайлар және оларға ден қою бойынша нұсқаулықта (бұдан әрі – Нұсқаулық) мыналарға:

– «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес ұйымдарындағы әлеуетті ықтимал экологиялық авариялық жағдайларға да, сондай-ақ тәжірибеде іс жүзінде орын алған жағдайларға да уақтылы ден қоюға қойылатын талаптар мен тиімді тәсілдерге;

– төтенше экологиялық жағдайлардың алдын алу және болдырмау, олардың салдарынан болатын қызметкерлер мен халықтың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, қаржылық және құқықтық салдарға, мүлік пен активтерге, Қоғамның беделі мен имиджіне байланысты залалды және шығынды азайту жөніндегі іс-шараларға;

– Қоғамда анықталған тәуекелдердің/қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың алдын алу мен азайту жөніндегі тиісті шараларға сипаттама беріледі.

1.2. Осы Нұсқаулықтың күші жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету үшін барлық қызметкерлерді және тартылатын мердігер ұйымдарды қоса алғанда, барлық ЕҰ-ға қолданылады.

1.3. Осы ЕҰ нұсқаулығын қолдану ұқсас Нұсқаулықты әзірлеу және бекіту немесе ЕҰ ішкі құжаттарын осы Нұсқаулыққа сәйкес келтіру арқылы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте осы Нұсқаулықта қамтылған талаптар осыған ұқсас бағдарламалармен және ЕО ішкі құжаттарымен салыстырғанда төмендетілмеуге тиіс.

1.4. Осы Нұсқаулық және ЕҰ-лардың ТЖ мен оларға ден қою жөніндегі ішкі нормативтік құжаттары ЕҰ-ның қатысу аймағында немесе ЕҰ-ның өз аумағындағы дүлей зілзалалардан, сондай-ақ ТЖ мен оған ден қою кезіндегі қазіргі заманғы және неғұрлым пәрменді іс-шараларды айқындау кезінде түзетілуге тиіс.

2. Терминдер мен қысқартулар

Термин қысқарту	Анықтама
Авариялық жағдай	жарылысқа, өртке, улануға, адамдардың, жануарлардың өліміне немесе жарақаттануына (ауруына), ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауына, қауіпті заттардың бақылаусыз шығарылуына әкеп соғуы мүмкін авариялар мен басқа да оқиғалардың туындау қаупін тудыратын жағдайлар мен мән-жайлардың үйлесімі
АЖ	апатты жағдай
«Самұрық-Энерго» АҚ Компаниялар тобы	«Самұрық-Энерго» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 100 пайызы тікелей «Самұрық-Энерго» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалар
ЖЖМ	жанар-жағар май материалдары
ЕҰ	еншілес ұйымдар



Қауіпті авариялық жағдайларды сәйкестендіру	қауіпті өндірістік объектіде авария қауіпі бар екенін анықтау, және олардың сипаттамаларын анықтау процесі
Қоғам	«Самұрық-Энерго» және оның ЕҰ-ларының жиынтық атауы
Тәуекелді бағалау	«Самұрық-Энерго» АҚ үшін оның пайда болу ықтималдығын және ықтимал залалын бағалау арқылы сәйкестендірілген тәуекелдің сандық және/немесе сапалық көрсеткішін анықтау
Төтенше жағдай	авария, өрт, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсері, қауіпті табиғи құбылыс, апат, адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық залалға және адамдардың өмір сүру жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соқтырған табиғи немесе өзге де зілзала салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдай
ТЖ	төтенше жағдай

3. Жалпы ережелер

3.1. Қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне әсер етумен байланысты авариялық жағдайлар кезінде іс-қимыл жасауға әзірлікті қамтамасыз ету ЕҰ-да мынадай іс-шараларды орындау арқылы жүзеге асырылады:

- ықтимал авариялық жағдайларды анықтау;
- авариялық жағдайларға ден қою жөніндегі рәсімдерді (жоспарларды) әзірлеу;
- ықтимал авариялық жағдайлардың салдарын жою, оқшаулау және ден қою рәсімдерін (жоспарларын) жүзеге асыруға дайындықты ұстап тұру;
- ҚО-ға әсер етудің алдын алу немесе жеңілдету және салдарларды жою жөніндегі талаптар мен іс-шараларды рәсімдерге енгізу;
- тиісті рәсімдерді персоналға жеткізу;
- құзыретті персоналды, жабдықты, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын, байланыс құралдарын және т. б. қоса алғанда, қажетті ресурстардың болуын және жұмыс жағдайында болуын қамтамасыз ету;
- тиісті мүдделі тараптарды хабардар ете және тарта отырып, авариялық жағдайға ден қою қабілеті мен дайындығын бағалау (аварияға қарсы жаттығулар, оқу-жаттығулар және(немесе) нұсқамалар өткізу арқылы), қолдануға болатын жерлерде;
- жаттығуларды талдау немесе орын алған аварияларға ден қою нәтижелері бойынша авариялық жағдайлардың алдын алу және оларға ден қою жөніндегі рәсімдерге (жоспарларға) тиісті жазбаларды жүргізе отырып, қажетіне қарай тиісті өзгерістер енгізу.

3.2. Авариялық жағдайлар жағдайында іс-қимылдарға дайындықты қамтамасыз етудің және оларға ЕҰ-да ден қоюдың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- қаржы қаражатының резервтерін бөлу және ықтимал авариялық жағдайлардың салдарын оқшаулау мен жою үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарды үнемі дайындықта ұстау;
- ықтимал авариялық жағдайларға ден қою, оқшаулау және жою рәсімдерін (жоспарларын) тәжірибеде тексерудегі жүйелілік;

- авариялық жағдайлар туындаған жағдайдағы байланыстың жеделдігі (Қоғамның тиісті жауапты тұлғаларын, сондай-ақ мемлекеттік органдарды, ден қою қызметтерін және т. б. қоса алғанда, мүдделі тараптарды хабардар ету);

- тәжірибе жинақтау, ұқсас жағдайлардың алдын алу және ЕҰ персоналы (оның ішінде мердігер ұйымдар персоналының) салдарларының экологиялық аспектілері және туындайтын тәуекелдер туралы хабардар болуын арттыру үшін туындайтын авариялық жағдайлардың себептерін пысықтау.

4. Міндеттер, жауапкершілік және өкілеттіктер

4.1. Қоғам қоршаған орта үшін ЕҰ қызметінің ықтимал теріс салдарын мейлінше азайту Қоғамның өзінің мүддесі екенін түсінеді.

4.2. ЕҰ-ның барлық құрылымдық бөлімшелері, мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері, персоналы осы Нұсқаулықтың талаптарын сақтауға және орындауға жауапты болады.

4.3. ЕҰ-ның бірінші басшылары осы Нұсқаулықты енгізу және іске асыру, осыған ұқсас Нұсқаулықты бекіту немесе ЕҰ-ның ішкі құжаттарын осы Нұсқаулыққа сәйкес келтіру үшін жауапты болады.

4.4. ЕҰ ҚР Санитарлық ережелеріне сәйкес объектінің қауіптілік сыныбына байланысты тиісті құжаттаманы әзірлеуі тиіс. Бұл ретте ықтимал теріс экологиялық салдарларды, сондай-ақ қызметкерлердің салдарларға ден қою және оларды жою жөніндегі іс-қимыл тәртібін қоса алғанда, ықтимал авариялық жағдайлардың даму сценарийлері назарға алынады.

4.5. Әзірленген құжаттамаға сәйкес, ЕҰ әр объект бойынша жауаптылардың міндеттері мен өкілеттіктерін бөлуі керек.

4.6. Адамдарды құтқару, қоршаған ортаны қорғау және АЖ-ны жою жөніндегі іс-шараларды орындауға жауапты адамдардың міндеттері мен өкілеттіктері міндетті түрде олардың назарына жеткізіледі. Адамдарды құтқару мен АЖ-ны жою жөніндегі іс-шараларды орындауға жауапты адамдардың міндеттері мен өкілеттіктері ЕҰ бұйрығымен бекітілуге немесе лауазымдық нұсқаулықта жазылуға тиіс.

4.7. ЕҰ-да қызметкерлерді таныстыра отырып, ЕҰ бойынша бұйрықпен бекітілген ҚО-ның ластану салдарын жою кезіндегі іс-қимылдар бойынша әдістемелер, нұсқаулықтар, жоспарлар, ұсынымдар, жоспарлар, ережелер және т.б. әзірленуге тиіс.

4.8. АЖ пайда болған кезде қызметкерлер ЕҰ-да әзірленген әдістемелерге, нұсқаулықтарға, жоспарларға, ұсынымдарға, ережелерге, қағидаларға және/немесе басқа да ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әрекет етуі тиіс.

5. Экологиялық қауіптерді сәйкестендіру

5.1. Нақты экологиялық жағдайларды сәйкестендіру – бұл тұрақты процесс, оның нәтижесінде ЕҰ қызметінің қоршаған ортаға ықтимал әсерлері анықталады.

5.2. Авариялық жағдайларды бағалау мынадай критерийлер негізінде орындалады:

- 1) қоршаған ортаға әсер ету ауқымы бойынша;
- 2) экологиялық аспектілер мен тәуекелдерді сәйкестендіру нәтижелері бойынша;
- 3) қауіпті заттарды, материалдар мен қалдықтарды сақтау орындарын сәйкестендіру нәтижелері бойынша;
- 4) заңнамалық және өзге де талаптарды талдау бойынша;
- 5) оларды сатудан келтірілген залал бойынша;
- 6) пайда болу ықтималдығы бойынша.

5.3. Жұмыс барысында мынадай экологиялық авариялық жағдайлар орын алуы мүмкін:

- 1) жанғыш және жарылыс қаупі бар қалдықтар дұрыс сақталмаған кезде өрттердің, жарылыстардың пайда болуы;
- 2) майлардың, ЖЖМ төгілуі/құйылуы;
- 3) авариялық шығарынды, уытты тазартылмаған ағындарды ағызу, күл үйіндісі бөгетінің жарылуы және т. б.;
- 4) тоттанатын, улы, тез тұтанатын немесе канцерогенді материалдардың төгілуі немесе шығарылуы;
- 5) құрамында сынап бар шамдар мен сынап термометрлерінің тұтастығын жоғалту;
- 6) төгілмейтін электролиті бар аккумуляторлық қорғасын батареяларының механикалық зақымдануы;
- 7) күл үйінділерін тозаңдандыру, сондай-ақ көмір себу кезінде тозаңдандыру;
- 8) ауаға, топыраққа, су тоғандарына зиянды заттардың шығарындылары/төгінділері нормативтерінің артуы;
- 9) пайдалы қазбаларды өндіру кезіндегі топырақ эрозиясы;
- 10) мазут және күл құбырларының жарылуы;
- 11) өзге де авариялық жағдайлар.

5.4. Төтенше жағдайлар мен авариялардың себептері мынадай болуы мүмкін:

- 1) жабдықтың істен шығуы/ақаулығы;
- 2) қызмет көрсетуші персоналдың біліктілігінің жеткіліксіздігі;
- 3) үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері;
- 4) механизмдер мен жабдықтардағы жобалық-конструкторлық кемшіліктер;
- 5) жабдықтар мен механизмдердің физикалық және моральдық тозуы;
- 6) еңбек және технологиялық тәртіптің төмен болуы;
- 7) табиғи апаттар және т.б.

5.5. Қауіптерді сәйкестендіру кезеңінде олардың жеткіліктілігін бағалай отырып, авариялардың қауіптілігін азайту жөнінде алдын ала ұсынымдар не

қауіптерге неғұрлым егжей-тегжейлі талдау жүргізу және авариялар тәуекелін бағалау туралы қорытындылар берілуі мүмкін.

5.6. ЕҰ-да АЖ-ның пайда болуын болдырмау және олар туындаған жағдайда жедел ден қою үшін қоршаған ортаға әсер етуі мүмкін барлық ықтимал АЖ-ны анықтау қажет. Мұндай жағдайларды сәйкестендіру ЕҰ-да жабдықты пайдалануға, өндірістегі қауіпсіздік техникасына жауапты барлық мамандарды, ТЖ және қоршаған ортаны қорғауға жауапты қызметкерлерді тарта отырып жүргізіледі. Ықтимал АЖ-ны анықтау, мысалы:

- 1) құрылымдық бөлімшенің экологиялық аспектілерін сәйкестендіру, оларды өзектендіру кезінде;
- 2) бұрын болған АЖ-ны талдау нәтижелері бойынша;
- 3) жаңа жабдықты пайдалануға беру кезінде;
- 4) жаңа заттар мен материалдарды пайдалану кезінде.

5.7. Олардың ауқымына қарамастан, олар тек қауіпті өндірістік объектіде пайда бола ма, әлде қауіпті болып табылмайтын объектілерде пайда бола ма – бәрібір, барлық ықтимал АЖ-лар ескерілуі тиіс екенін айта кету керек. Кез келген осындай объектіде ТЖ туындаған жағдайда оның салдары ауқымды және елеулі болуы мүмкін (қоршаған ортаға, адамдардың өмірі мен денсаулығына залал, ғимараттар мен құрылыстардың бұзылуы және т.б.).

6. Тәуекелді бағалау және АЖ-ның туындауының алдын алу

6.1. Тәуекелді бағалау тәуекелдің әрбір кезеңін – қауіп көзінен бастап оның осы жүйе, әрбір нақты жағдай үшін тигізетін түпкілікті салдарына дейін сәйкестендіруге және талдауға келіп тіреледі.

6.2. Тәуекелдерді бастапқы бағалау оларды сәйкестендіру рәсімі аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Тәуекелдерді бағалау нәтижелері тәуекелдерді қолайлы және экономикалық негізделген деңгейге дейін төмендету бойынша іс-шараларды жоспарлау және негіздеу үшін қолданылады.

6.3. Тәуекелді талдауды қамтамасыз ету - бұл қауіптерді жан-жақты анықтауға және төтенше жағдай қаупін бағалауға мүмкіндік беретін әдістер, әдістемелер мен бағдарламалық құралдардың жиынтығы. Авариялар тәуекелін сандық бағалау әдістері (басым болып табылатын), авариялар тәуекелін сапалы бағалау әдістері немесе олардың ықтимал комбинациялары (авариялар тәуекелін жартылай сандық бағалау) қолданылуы мүмкін. Сандық деректер жалпы жағдайды көруге мүмкіндік береді. Сапалы деректер сауалнама нәтижелеріне детальдар мен адам факторын әкеледі. Сапалық және (немесе) сандық бағалауды дәйекті түрде жүзеге асыру ұсынылады:

- а) оқиғалар мен авариялардың туындау және даму мүмкіндіктері;
- б) ықтимал оқиғалар мен авариялардан болатын зардаптардың және (немесе) залалдың ауырлығы;

в) тәуекел көрсеткіштерінің мәндеріндегі авария қаупі және онымен байланысты қауіп.

6.4. Авариялық және төтенше жағдайлардың туындауының алдын алу - бұл алдын ала жүргізілетін және АЖ-ның туындау қаупін барынша азайтуға, сондай-ақ адамдардың денсаулығын сақтауға, қоршаған табиғи ортаға залал мөлшерін және олар туындаған жағдайда материалдық шығындарды азайтуға бағытталған іс-шаралар кешені.

6.5. Жағдайды болжау және бағалау негізінде АЖ-ның пайда болу қаупінің дәрежесі анықталады.

6.6. Қоғам қызметі саласындағы авариялық жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі шаралар тізбесі:

- Авариялық жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі жоспарды әзірлеу;
- төтенше жағдай кезінде персоналға оқыт сабақтарын өткізу;
- ЕҰ қызметкерлерін эвакуациялау іс-шараларын жүргізу.

7. Авариялық жағдайлардың алдын алу және олардың салдарларын жою жоспарларын әзірлеу

7.1. Объектілерді пайдалану процесінде табиғи ортаның компоненттері ластануға ұшырауы мүмкін: атмосфералық ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ, өсімдіктер және т.б. қоршаған ортаның ластану көздері Қоғамның барлық объектілері болып табылады.

ҚО-ның рұқсат етілген ластануын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізудің мақсаты ҚО-ға келтірілген залалды азайту болып табылады. Іс - шараларды айқындау мақсатында авариялық жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою жоспарын (бұдан әрі - Жоспар) әзірлеу қажет.

7.2. Жоспарды әзірлеу кезінде мыналарды ескеру қажет:

- авариялық жағдайларға (қалдықтар, шығарындылар, төгінділер) байланысты барлық өндірістік (негізгі) процестерді және басқа да қосалқы қызмет түрлерін қарастыру;

- ҚР экологиялық және заңнамалық талаптарын ескере отырып, қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды сақтауға қатысты шешімдер қабылдануға тиіс;

- атмосфералық ауаға ластаушы заттардың авариялық шығарындыларынан туындайтын және адамдардың өміріне және (немесе) денсаулығына қауіп төндіретін атмосфералық ауа сапасының нашарлауы кезіндегі іс-қимылдар әзірленуге тиіс;

- тиісті тұлғалардың жауапкершілік салаларын санамалап көрсете отырып, авариялық жағдайларды жоюмен айналысатын ЕҰ қызметкерлерінің ұйымдық құрылымын сипаттау;

- ішкі тексерулердің жоспар-кестесін әзірлеу және тексеру жүргізу кезінде анықталған бұзушылықтарды жою рәсімі;

- төтенше жағдай туындаған жағдайда ЕҰ қызметкерлерін іс-әрекет етуге даярлау (оқыту);

- жоюға тартылған ЕҰ қызметкерлерін жеке қорғану құралдарымен (ЖҚК) қамтамасыз ету;

- және басқалар.

Жоспар ЕҰ басшылығымен келісім бойынша өзгертілуі мүмкін.

7.3. АЖ пайда болған кезде ҚО-ның ластануының салдарын жоюға бағытталған бірінші кезектегі іс-шаралар кешені жүргізілуі тиіс, мысалы:

- ҚО-ның ластану салдарын жою бойынша жауапты тұлғалардан қызметкерлер тобын ұйымдастыру;

- АЖ-ны дереу жою (өртті сөндіру, жабдықты өшіру, ағып кетуді болдырмау және т. б.);

- ластанған жерлерді қалпына келтіру (ластанған топырақты қазу және аумақты кейіннен техникалық қалпына келтіру – таза топырақпен, құммен, үгінділермен толтыру);

- атмосфераны ластайтын заттардың бөлінуін азайту/қысқарту;

- қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды әкетуге уақтылы шарттар жасаса отырып, құрамында сынабы бар қалдықтарды демеркуризациялау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

- және ҚО-ның ластануына сәйкес басқа да іс-шаралар.

8. Авариялық ластану салдарынан келтірілген зиян үшін жауапкершілікті сақтандыру

8.1. Міндетті экологиялық сақтандырудың мақсаты шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыру кезінде авария нәтижесінде табиғи ортаның компоненттеріне келтірілген экологиялық залалды жоюды қамтамасыз ету болып табылады.

8.2. Міндетті экологиялық сақтандыру «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Заңға, ҚР Азаматтық кодексіне және ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес сақтандырушы мен сақтанушы арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

8.3. Шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын ЕҰ-ның өз қызметін міндетті экологиялық сақтандыру шартын жасамай жүзеге асыруға құқығы жоқ.

8.4. Міндетті экологиялық сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуы тиіс.

8.5. Барлық авариялар кейіннен оларға дайындалу, алдын-ала болжау және оларды жоюды дұрыс ұйымдастыру, шығындарды азайту үшін тексерілуі тиіс.

8.6. ЕҰ-дағы экологиялық сақтандыру күтпеген оқиға кезінде туындауы мүмкін тәуекелдерді қамтиды, мысалы:

- табиғи қоршаған ортаның апат салдарынан кенеттен ластануы;

- ТЖ ЕҰ қызметкерлерімен де, сондай-ақ ЕҰ аумағында жұмыс істеп, қызмет көрсететін мердігерлік ұйымдармен жұмыс істеу және қызметтің қауіпті түрлерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде;

- атмосфераға нормативтен тыс\авариялық шығарындылар немесе су объектілеріне немесе ластаушы заттардың рельефіне төгілуі. Сонымен қатар, соңғысы қатты, сұйық және газ тәрізді қосылыстар ретінде де болуы мүмкін;

- сипаттамалары, рұқсат етілген шектері, көлемі және т. б. бойынша нормадан асатын электромагниттік, температуралық, жарық, физикалық, химиялық, биологиялық спектрлердің және т. б. тербелістердің, иістердің, шулардың және өзге де зиянды әсерлердің пайда болуы.

9. Нормативтік сілтемелер

№	Құжаттың атауы
1	ҚР 2020 жылғы 07 шілдедегі № 360-VI «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі
2	Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексі
3	Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 02 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық кодексі
4	Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ «Азаматтық қорғау туралы» Заңы
5	Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы № 93 «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» Заңы
6	Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 07 ақпандағы № 30-III «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Заңы
7	Экологиялық менеджмент жүйелері. ISO 14001-2015 қолдану бойынша талаптар мен нұсқаулық
8	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2021 жылғы 29 қазандағы 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясы (№11/21 хаттама)
9	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2021 жылғы 8 қарашадағы (№12/21 хаттама) Корпоративтік менеджмент жүйесінің саясаты